

## Сбербанк \$400 млн көлемінде «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ үшін қаржыландыруды ұйымдастырды

Sberbank CIB<sup>1</sup> Сбербанктің Қазақстандағы еншілес банкімен бірлесе отырып «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ (Қазақстан Республикасы) үшін 10 жыл мерзімге \$ 400 млн<sup>2</sup> сомаға қаржыландыруды ұйымдастырды. Кредиттік қаражат «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-ны (Шымкент мұнай өңдеу зауыты) жаңғырту жобасын қаржыландыруға жіберіледі.

«Біз шын мәнінде осы мәмілеге бірнеше себептер бойынша қуанамыз. Ол Сбербанк тобының ТМД нарығында өзінің орыны бар көшбасшылармен жүргізілген белсенді жұмысының үлгісі ғана емес, сонымен қатар, қазіргі нарық жағдайында қызықты қаржылық шешімдерді ұсына алатын мүмкіндігіміздің айқын дәлелі, - деп атап өтті Sberbank CIB Инвестициялық-банктік қызмет департаментінің халықаралық клиенттермен жұмыс бөлімінің басқарушы директоры Алексей Гренков». – Бұл мәміле біздің «ҚазМұнайГаз» тобымен серіктестік қарым-қатынастарымыздың ары қарай дамуы үшін негіз болатынына кәміл сенеміз».

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов, өз кезегінде, Сбербанк Тобының өзінің Қазақстандағы клиенттерінің ауқымды бастамаларын қолдау үшін барлық мүмкіндіктерін пайдалануға дайын екендігін білдірді.

«Қазақстандағы Сбербанк қаржылық қызметтердің барлық түрлерін ұсынады. Осы мәміле біздің тек кредитор болып қана қоймай, сондай-ақ Сбербанк тобының қорынан қаржыландыруды ұйымдастырушы бола алатынымызды көрсетеді. Біз елімізде мұнай өңдеу саласының дамуына өз үлесімізді қосқанымызға қуаныштымыз. Бұл Сбербанктің «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ-мен ынтымақтастығының бірінші табысты жобасы емес, біз бұдан былай да қарым-қатынастың берік те табысты дамуына сенеміз», - деп мәлімдеді Александр Камалов.

«Аталмыш қаржыландыру «Шымкент МӨЗ-ді қайта құрастыру және жаңғырту» жобасының 1 және 2 кезеңдерін жүзеге асыру үшін беріледі, атап айтқанда, К-4, К-5 класс сапалы мотор жанар-жағар майларының шығуын қамтамасыз ететін және қайта өңдеу қуатын арттыратын шикізатты алдын ала сумен тазалау изомеризациясы, RFCC ауыр қалдықтарының каталитикалық крекингі, «Prime G» каталитикалық крекингі бензинін сумен тазалау бойынша құрылғылар», - деп мәлімдеді «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Ерболат Қожабаев.

### Анықтамалық ақпарат:

**«ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ** – «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ-ның жоғары сапалы, инновациялық-технологиялық «даунстрим» бөлімшесі, жаңғыртылған мұнай өңдейтін активтердің және кең тараған маркетингтік өткізу арналардың иесі, Қазақстандағы мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу саласының көшбасшысы.

Компанияның негізгі активтері: «Атырау МӨЗ» ЖШС (99,53%), «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС (49,7%), «Павлодар МХЗ» ЖШС (100%), «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС (100%), «Caspi Vitum» БК» ЖШС (50%)

**«Сбербанк» АҚ ЕБ** халықаралық Сбербанк Тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында жеті жылдан астам табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4 орынға ие болды. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің филиалдық желісі 108 құрылымдық бөлімшеден тұрады, оның 16-ы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

<sup>1</sup> «Сбербанк КИБ» ЖАҚ негізінде.

<sup>2</sup> Банктік өнімдер мен қызметтерді «Сбербанк России» ААҚ ұсынады.

**Sberbank CIB** Корпоративтік-инвестициялық бизнес (Sberbank CIB) Ресей Сбербанкі мен Тройка Диалогтың бірлесу аясында құрылған. Sberbank CIB қызметінің негізгі бағыттары корпоративтік кредиттеу (сауданы қаржыландыруды қоса алғанда), құжаттамалық бизнес<sup>2</sup>, инвестициялық-банктік қызметтер, бағалы қағаздармен сауда операциялары, жеке инвестициялар. Ресей Сбербанкінің корпоративтік-инвестициялық бизнесі өзінің клиенттеріне, соның қатарындағы мемлекеттің ірі корпорацияларына, қаржы институттарына, биліктің федералды және субфедералды органдары мен ұйымдарына біріктірілген қаржылық шешімдер мен қаржы кеңесшісінің қызметін ұсынады.

**Қосымша ақпарат алу үшін баспасөз қызметтеріне хабарласуларыңызға болады:**

**Sberbank CIB баспасөз қызметі**

Тел.: +7 495 258 05 19

E-mail: [pressa@sberbank-cib.ru](mailto:pressa@sberbank-cib.ru)

**«Сбербанк» АҚ ЕБ**

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)

e-mail: [yekaterina.kupreevasberbank.kz](mailto:yekaterina.kupreevasberbank.kz)

**Корпоративтік коммуникациялар қызметі**

«ҚазМұнайГаз-қайта өңдеу және маркетинг» АҚ

Махаббат Садвакасова

+ 7 (7172) 97 97 71

e-mail: [m.sadvakasova@kmgm.kz](mailto:m.sadvakasova@kmgm.kz)